

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК БЕЙІМДЕЛУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАҒДАРЛАМАСЫ

Муканова Рита Асановна

7M01101-Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орындарында білім алатын қазақ диаспорасы студенттерінің коммуникативтік бейімделуін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазақ диаспорасы студенттерінің жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған кешенді психологиялық-педагогикалық бағдарлама ұсынылады. Бағдарлама студенттердің тілдік, әлеуметтік және тұлғалық дамуын қолдауға, академиялық ортада тиімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Қазақ диаспорасы, коммуникативтік бейімделу, коммуникативтік құзыреттілік, жоғары оқу орны, әлеуметтік-мәдени орта, психологиялық-педагогикалық бағдарлама.

Қазіргі кезеңде мемлекет тарапынан шетелдегі қазақ жастарына білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы Қазақстан халқына арналған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында елдің болашақ дамуы білімді және бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуымен тікелей байланысты екенін атап өтті. Мемлекет басшысы білім беру жүйесін жетілдіру, жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру және жастардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту ұлттық саясаттың маңызды бағыттарының бірі екенін ерекше атап көрсетті. Мұндай бастамалар шетелді өмір сүріп жатқан этникалық қазақ жастарын тарихи отанның білім беру кеңістігіне тартуға, олардың кәсіби және тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Нәтижесінде шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуға деген қызығушылығы артып, олардың ұлттық мәдени және білім беру кеңістігімен байланысы нығая түсуде.

Қазіргі жаһандану жағдайында шетелден немесе өзге мәдени ортадан келген қазақ жастары жаңа білім беру жүйесіне, тілдік ортаға және әлеуметтік қатынастарға бейімделуде бірқатар қиындықтарға тап болады. Олардың қатарында:

- тілдік тосқауыл;
- мәдени айырмашылықтар;
- қарым-қатынас жасаудағы сенімсіздік;
- әлеуметтік оқшаулану;
- жаңа ортада өзін танытудағы қиындықтар.

Аталған факторлар студенттердің академиялық жетістіктеріне, психологиялық әлауқатына және әлеуметтік белсенділігіне тікелей әсер етеді.

Осы мақсатта біздің ұсынған бағдарламаның өзектілігі қазақ диаспорасы студенттері үшін жаңа ортаға бейімделу тек академиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық мәселе болып табылады. Олар жиі тілдік ортаға бейімделуде қиындық көреді, қарым-қатынас орнатуда белсенділік таныта алмайды, мәдени ерекшеліктерді түсінуде қиналады, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігін сезінеді. Бұл жағдайлар олардың коммуникативтік белсенділігін төмендетіп, әлеуметтік оқшаулануға алып келуі мүмкін. Сондықтан студенттердің коммуникативтік бейімделуін жүйелі түрде дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Жалпы бағдарламаның мақсаты: Қазақ диаспорасы студенттерінің коммуникативтік

бейімделуін қамтамасыз ету, олардың тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын, мәдениетаралық түсінігін және әлеуметтік белсенділігін дамыту.

Бағдарлама жалпы 2 айға жоспарланып, аптасына 1 рет өткізіледі. Әр сабақта тренинг элементтері, пікірталас, топтық жұмыс, рөлдік ойындар және шығармашылық тапсырмалар қолданылды. Мұндай жұмыс формалары студенттердің өзара әрекеттесуін күшейтіп, қарым-қатынас мәдениетін табиғи жағдайда дамытуға мүмкіндік берді.

Бағдарлама төрт негізгі модульді қамтыды:

- тілдік және академиялық коммуникация;
- мәдениетаралық қарым-қатынас;
- әлеуметтік-психологиялық бейімделу;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту тренингтері.

Алғашқы модуль академиялық ортада қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін дамытуға бағытталды. Студенттердің пікірін жүйелі жеткізуі, ғылыми ортада сөйлей мәдениетін қалыптастыруы және топтық талқылауларға белсенді қатысуы назарға алынды. Оқу барысында пікірталас, шағын презентациялар, жұптық талқылаулар ұйымдастырылды. Екінші модуль мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға арналды. Әртүрлі әлеуметтік және мәдени ортадан келген студенттердің өзара түсіністігін нығайту, мәдени айырмашылықтарды құрметтеу және ашық диалог мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Рөлдік ойындар, ситуациялық тапсырмалар мен пікір алмасу әдістері қолданылды.

Үшінші модуль студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне бағытталды. Университеттің жаңа ортасына үйрену, топ ішінде еркін әрекет ету және сенімді қарым-қатынас орнату мәселелері қарастырылды. Тренингтік жаттығулар, командалық тапсырмалар және топтық талқылаулар ұйымдастырылды.

Қазақ диаспорасы студенттерінің коммуникативтік бейімделуін қалыптастыру бағдарламасының жоспары

Апта	Модуль	Сабақ тақырыбы	Мазмұны	Қолданылған әдістер
1	Тілдік және академиялық коммуникация	Университеттегі тиімді қарым-қатынас мәдениеті	Студенттердің өзара танысуы, университеттегі	Тренинг, танысу ойыны, пікір алмасу

			қарым-қатынас ерекшеліктерін талқылау	
2		Академиялық ортада пікір білдіру	Пікір айту, дәлелдеу, шағын презентация	Презентация, жұптық жұмыс, пікірталас
3	Мәдениаралық қарым-қатынас	Мәдениаралық диалог	Әртүрлі мәдени ортадағы қарым-қатынас ерекшеліктерін талқылау	Рөлдік ойын, талқылау
4		Өзара түсіністік мәдениеті	Қарым-қатынас барысында түсіністік орнату жолдарын қарастыру	Кейс әдісі, топтық жұмыс
5	Әлеуметтік-психологиялық бейімделу	Студенттік ортадағы сенімді қарым-қатынас	Топтағы сенімді атмосфера қалыптастыру	Тимбилдинг, психологиялық жаттығулар
6		Командада жұмыс істеу мәдениеті	Бірлескен әрекетке бейімделу	Топтық тапсырма, тренинг
7	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қарым-қатынас барысында туындайтын қиындықтарды шешу	Конфликт жағдайларын талдау	Ситуациялық тапсырмалар, пікірталас
8		Еркін коммуникация және қорытынды кездесу	Қатысушылардың тәжірибесімен бөлісу. Рефлексия	Ашық диалог, рефлексия

Ұйымдастырылған сабақтардың ерекшеліктерін көрсету мақсатында біз өз зерттеуіміз бойынша төменде кейбір тақырыптарды өткізу барысына кеңірек тоқталдық.

1-модуль. Тілдік және академиялық коммуникация

1-сабақ. Университеттегі тілдік қарым-қатынас мәдениеті

Сабақтың негізгі мақсаты – студенттердің өзара танысуына мүмкіндік беру, топ ішінде сенімді атмосфера қалыптастыру және университеттегі қарым-қатынас мәдениетінің ерекшеліктерін талқылау болды. Кездесу тренинг элементтерімен, танысу ойындарымен және пікір алмасу кезеңдерімен жүргізілді.

Сабақтың басында студенттердің еркін араласуына жағдай жасау мақсатында шағын танысу тренингі өткізілді. Қатысушылар шеңбер құрып отырып, әрқайсысы өзін таныстырып, өзі есімімен бірге қарым-қатынасқа қатысты бір қасиетті атады. Мысалы, бір студент: «Менің атым Айдос, ашық сөйлесуді жақсы көремін» деп таныстырса, келесі студент өз есімімен қатар «тыңдай білуді бағалаймын» деген қасиетін атап өтті. Мұндай тәсіл қатысушылардың бір-бірін жақынырақ тануына және алғашқы қарым-қатынас кедергілерін жеңілдетуге ықпал етті.

Танысу кезеңінен кейін «Ортақ ұқсастық» атты ойын ұйымдастырылды. Студенттер шағын топтарға бөлініп, өзара әңгімелесу арқылы ортақ қызығушылықтарын анықтады. Әр топ қысқа уақыт ішінде кемінде үш ортақ қасиет немесе қызығушылық табуы қажет болды. Бір топ оқу мен спортқа қызығушылықтарын атап өтсе, екінші топ мәдени шараларға қатысуды ұнататынын айтты. Жаттығу барысында студенттер бір-бірімен еркін сөйлесіп, жаңа байланыстар орната бастады.

Ойын аяқталған соң сабақтың негізгі бөлігі – университеттік қарым-қатынас мәдениетін талқылау кезеңі басталды. Студенттерге «Жоғары оқу орнына тиімді қарым-

қатынас қандай болуы керек?» деген сұрақ ұсынылды. Әңгіме барысында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, университеттік ортадағы коммуникация ерекшеліктерін талқылады.

Пікір алмасу кезінде студенттердің бірқатар ойлары назар аудартты. Мысалы тәжірибелік топтағы студенттердің бірі: «Университетке келгенде ең алдымен адамдармен еркін сөйлесе білу маңызды екенін түсіндім. Сабақта пікір айтуға қысылмай қатысу да үлкен рөл атқарады», деген пікір білдірді.

Тағы бір студент: «Жаңа ортаға келгенде кейде ойын ашық айтуға қиын болады. Алайда топтағы қолдау мен түсіністік адамға сенімділік береді. Өзара сыйластық болған жерде қарым-қатынас та жеңіл орнайды», – деп өз тәжірибесімен бөлісті. Үшінші қатысушы университеттегі қарым-қатынастың ерекшелігіне тоқталып: «Мектептегі қарым-қатынас пен университеттегі қарым-қатынастың айырмашылығы бар. Университетте әр студенттің пікірі маңызды, сондықтан өз ойыңды дәлелдеп жеткізе білу қажет», – деген тұжырым айтты.

Студенттердің пікірлері негізінде университет ортасында тиімді қарым-қатынас орнатудың бірнеше маңызды қыры айқындалды. Атап айтқанда, өзара құрмет, ашық диалог, тыңдай білу мәдениеті және пікір алмасуға белсенді қатысу маңызды шарттар ретінде белгіленді.

Сабақтың соңында қысқаша рефлексия кезеңі ұйымдастырылды. Қатысушылар кездесуден алған әсерлерін айтып, қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын атап өтті. Көптеген студенттер мұндай форматтағы еркін әңгіме мен ойын элементтері бір-бірін жақынырақ тануға көмектескенін жеткізді.

2-модуль. Мәдениетаралық қарым-қатынас

3-сабақ. Мәдениетаралық диалог

Сабақтың мақсаты – әртүрлі мәдени ортадан келген студенттердің өзара түсіністігін арттыру, мәдени айырмашылықтарды құрметтеу және қарым-қатынас барысында туындайтын ерекшеліктерді талқылау болды. Кездесу барысында рөлдік ойын, топтық талқылау және тәжірибелік тапсырмалар қолданылды.

Сабақ барысында студенттерге мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымының мазмұны қысқаша түсіндіріліп, түрлі мәдени ортадағы адамдардың қарым-қатынас стилі әртүрлі болатыны жөнінде әңгіме өрбіді. Қатысушылар өз тәжірибелерінен мысал келтіріп, түрлі ортада адамдардың сөйлесу мәнері, әдеп нормалары және қарым-қатынас әдебі қалай көрінетінін айтып өтті.

Кездесудің негізгі бөлігінде рөлдік ойын ұйымдастырылды. Студенттер шағын топтарға бөлініп, әр топқа мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты белгілі бір жағдаят ұсынылды. Тапсырма барысында қатысушылар сол жағдайды сахналық көрініс түрінде көрсетіп, қарым-қатынас барысында туындауы мүмкін қиындықтарды шешу жолдарын ұсынуы қажет болды.

Алғашқы топқа «Жаңа ортаға келген студенттің топпен танысуы» атты жағдаят ұсынылды. Топ мүшелерінің бірі шетелден келген студент рөлін орындаса, қалғандары университет студенттерінің рөлінде әрекет етті. Көрініс барысында жаңа студенттің топқа бейімделуі, өзін таныстыруы және алғашқы қарым-қатынастың қалай орнайтыны көрсетілді. Рөлдік ойын аяқталған соң қатысушылар көрініс мазмұныны талқылап, мәдени айырмашылықтар қарым-қатынасқа қалай әсер ететінін саралады.

Талқылау барысында студенттердің бірінің айтқан пікірі назар аудартты: «Әртүрлі ортадан келген адамдар кейде бір-бірінің сөйлеу мәнерін немесе әзілін дұрыс түсінбеуі мүмкін. Сондықтан ең алдымен түсіністікпен қарау маңызды деп ойлаймын», деген тұжырым айтты.

Екінші топқа «Мәдени айырмашылықтан туындаған түсінбеушілік» атты жағдаят берілді. Қатысушылар екі студент арасындағы шағын келіспеушілікті көрсетіп, кейін сол жағдайды өзара түсіністік арқылы шешу жолдарын ұсынды. Көрініс барысында қатысушылар бір-бірін тыңдаудың және пікірді сабырмен жеткізудің маңызын көрсетті.

Көріністен кейін талқылау кезеңінде студенттер өз ойларын ашық білдірді. Қатысушылардың бірі: «Кейде адам басқа мәдениетті толық білмегендіктен, қарапайым

әрекетті де басқаша қабылдауы мүмкін. Сондықтан әртүрлі мәдениетті тану қарым-қатынасты жеңілдетеді», – деп атап өтті.

Тағы бір студент мәдениетаралық қарым-қатынастың мәніне тоқталып: «Әр адамның тәрбиесі мен өскен ортасы әртүрлі болғандықтан, адамдардың бір-бірін түсінуі үшін ашық сөйлесу және тыңдай білу қажет», деген ойымен бөлісті.

Сабақ барысында қызықты пікірталастар да орын алды. Кейбір студенттер адамдар арасындағы қарым-қатынаста мәдени айырмашылықтан гөрі жеке адамның мінез-құлқы маңызды екенін айтса, өзгелері мәдени орта адамның қарым-қатынас стиліне елеулі әсер ететінін алға тартты. Осындай пікір алмасу студенттердің мәселені түрлі қырынан қарастыруына мүмкіндік береді.

Кездесу соңында қатысушылар мәдениетаралық диалогтың мәні тек айырмашылықтарды байқауда емес, өзара түсіністік пен құрметке негізделген қарым-қатынас орнатуда екенін атап өтті. Сабақ барысында қалыптасқан ашық диалог атмосферасы студенттердің бір-бірімен еркін сөйлесуіне және түрлі мәдени көзқарастарды құрметтеуге ықпал етті.

3-модуль. Әлеуметтік психологиялық бейімделу

5-сабақ. Студенттік ортадағы сенімді қарым-қатынас

«Студенттік ортадағы сенімді қарым-қатынас» тақырыбында тренингтік сабақ ұйымдастырылды. Кездесудің мақсаты – студенттер арасында сенімді қарым-қатынас орнату, топ ішінде өзара қолдану мәдениетін қалыптастыру және бірлескен әрекетке бейімделуді дамыту болды. Сабақ мазмұнын тимбилдинг элементтерімен, психологиялық жаттығулармен және ашық пікір алмасумен толықтырылды.

Сабақтың басында қатысушылардың бір-біріне деген сенімін арттыруға бағытталған «Ортақ шеңбер» атты жаттығу жүргізілді. Студенттер шеңбер жасап отырып, кезекпен өздерінің студенттік өмірге байланысты бір жағымды әсерін немесе қиындықтарын бөлісті. Жаттығудың негізгі мақсаты – топ мүшелерінің бір-бірін тыңдай білу мәдениетін қалыптастыру және ортақ тәжірибелер арқылы жақындасу еді.

Әңгіме барысында кейбір студенттер жаңа ортаға бейімделу кезінде кездескен қиындықтарын ашық жеткізді. Мысалы, қатысушылардың бірі: «Алғаш университетке келген кезде топтағы студенттермен сөйлесуге қосылғаным рас. Бірнеше сабақ өткеннен кейін ғана біртіндеп еркін араласа бастадым», деп өз тәжірибесімен бөлісті. Тағы бір студент студенттік ортадағы қолдаудың маңыздылығына тоқталып: «Топтағы достық қарым-қатынас адамға сенімділік береді. Қасында түсінетін адамдар болған кезде оқу да жеңіл өтеді», – деген пікір білдірді.

Жаттығудан кейін тимбилдинг элементтері қолданылған «Бірлескен шешім» тапсырмасы ұйымдастырылды. Студенттер шағын топтарға бөлініп, белгілі бір жағдайды бірге шешуі қажет болды. Әр топқа «топтық жұмыста туындаған келіспеушілік» немесе «жаңа студенттің топқа бейімделуі» сияқты жағдаяттар ұсынылды. Қатысушылар мәселені талқылап, ең тиімді шешім жолын ұсынуға тырысты.

Бір топ ұсынған жағдаятта жаңа келген студенттің топпен араласуға қиналғаны көрсетіледі. Талқылау барысында қатысушылар мұндай жағдайда топ мүшелері жаңа студентті ортақ жұмыстарға тарту, бірге тапсырма орындау немесе еркін әңгімеге шақыру арқылы қолдау көрсетуі қажет деген ойға келді.

Талқылау кезеңінде студенттердің бірі: «Кейде алам бірінші қадам жасаудан қысылады. Сол кезде топтағы басқа студенттердің қолдауы өте маңызды», – деген пікір айтты.

Тағы бір қатысушы сенімді қарым-қатынастың қалыптасуына уақыт пен түсіністік қажет екенін атап өтті: «Әр адам бірден ашыла бермейді. Алайда жылы қарым-қатынас пен сыйластық болған жерде сенім де біртіндеп қалыптасады», – деді.

Сабақтың келесі бөлігінде «Сенім көпірі» атты психологиялық жаттығу өткізілді. Қатысушылар жұптарға бөлініп, бір-біріне қолдау көрсетуге бағытталған тапсырмалар орындады. Жаттығу барысында студенттердің бір-бірін тыңдауы, пікірін құрметтеуі және

қолдау көрсетуі маңызды талап ретінде қарастырылады. Осындай әрекеттер қатысушылардың өзара сенімін арттырып, топ ішінде жағымды атмосфера қалыптастыруға ықпал етті.

Сабақ соңында қысқаша рефлексия жүргізілді. Студенттер тренинг барысында алған әсерлерін бөлісіп, сенімді қарым-қатынастың студенттік өмірдегі маңызына тоқталады. Қатысушылардың басым бөлігі топ ішінде ашық сөйлесу мүмкіндігі олардың бір-бірін жақынырақ тануына көмектескенін атап өтті.

4-модуль. Коммуникативтік дағдыларды дамыту

6-сабақ. Қарым-қатынас барысында туындайтын қиындықтарды шешу тақырыбында практикалық сабақ ұйымдастырылады. Кездесудің негізгі мақсаты – студенттердің қарым-қатынас кезінде кездесетін келіспеушіліктерін дұрыс түсініп, оларды мәдениетті түрде шешу жолдарын үйренуіне жағдай жасау болды. Сабақ барысындағы ситуациялық тапсырмалар, пікірталас және тәжірибелік талдау әдістері қолданылды.

Сабақ басында студенттермен күнделікті қарым-қатынас барысында туындайтын түрлі жағдайлар туралы әңгіме өрбіді. Әсіресе студенттік ортада пікір қайшылығы, түсінбеушілік немесе топтық жұмыс кезіндегі келіспеушіліктер жиі кездесетіні айтылды. Осындай жағдайларды дұрыс қабылдау, мәселені сабырлы түрде талқылау және ортақ шешу табу қарым-қатынас мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылды.

Кездесудің негізгі бөлігінде студенттерге бірнеше ситуациялық тапсырмалар ұсынылды. Әр топ белгілі бір жағдаятты талдап, мәселенің себебін анықтап, тиімді шешім ұсынуы қажет болды. Алғашқы жағдаятта топтық тапсырма орындау барысында студенттердің пікірлері сәйкес келмеген жағдай қарастырылды. Топ мүшелерінің бірі өз ұсынысын қолдауды талап етсе, қалған студенттер басқа шешім ұсынған. Қатысушылар сол жағдайды талдап, пікір қайшылығы туындаған кезде қандай әрекет жасау қажет екендігін талқылады.

Талқылау барысында студенттердің бірі: «Кейде әр адам өз идеясын дұрыс деп есептейді. Алайда топтық жұмыс кезінде ортақ шешімге келу маңызды. Сол үшін әркімнің пікірін тыңдау қажет», – деген ойын білдірді.

Тағы бір студент пікір алмасудың мәдени жолына тоқталып: «Егер біреудің ұсынысымен келіспесек, оны бірден жокқа шығармай, себебін түсіндіріп айту керек деп ойлаймын», – деген пікір айтты.

Келесі тапсырмада сабақ кезінде екі студенттің арасында түсінбеушілік туындаған жағдай ұсынылды. Бір студенттің айтқан сөзі екіншісіне орынсыз ескерту ретінде қабылданған. Қатысушылар мұндай жағдайда мәселені қалай шешуге болатынын талқылады.

Топтардың бірі мәселені сабырлы әңгіме арқылы шешуді ұсынды. Қатысушылардың бірі: «Кейде адам басқа біреудің сөзін дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. Сондықтан бірден ренжудің орнына, мәселені ашық сөйлесу арқылы анықтаған дұрыс», – деген пікір білдірді.

Тағы бір қатысушы қарым-қатынаста эмоцияны бақылаудың маңызын атап өтті: «Ашу үстінде айтылған сөз жағдайды одан ары қиындатуы мүмкін. Сондықтан алдымен сабыр сақтап, мәселені тыныш жағдайда талқылау керек», – деді.

Сабақ барысында ұсынылған жағдайлар студенттердің қызығушылығын арттырып, қызу пікір алмасуға себеп болды. Кейбір қатысушылар студенттік өмірде өздері кездескен ұқсас жағдайлар туралы айтып өтті. Мысалы, бір студент топтық жоба орындау кезінде тапсырмаларды бөлу мәселесінде келіспеушілік болғанын айтып, кейін ашық сөйлесу арқылы мәселе шешілгенін баяндады.

Пікірталас барысында қатысушылар қарым-қатынаста өзара құрмет, сабырлық және түсіністік маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Әңгіме барысында студенттер келіспеушілік әрдайым жағымсыз құбылыс ретінде қабылданбауы керектігін, кей жағдайда пікір алмасу жаңа ойлардың пайда болуына ықпал ететінін атап өтті.

Сабақтың соңында қысқаша қорытынды жасалып, қатысушылардан кездесуден алған әсерлері туралы пікір сұралды. Көптеген студенттер ұсынылған ситуациялық тапсырмалар шынайы өмірде кездесетін жағдайларды еске түсіргенін және осындай мәселелерді шешу жолдарын талқылау пайдалы болғанын айтты.

Бағдарлама аясында ұйымдастырылған кездесулер барысында студенттер бір-бірімен еркін сөйлесуге, пікір білдіруге және өз көзқарасын дәлелдеуге дағдыланды. Әсіресе пікірталас пен топтық талқылаулар студенттердің өз ойын жүйелі жеткізуіне, өзге пікірлерді тыңдай білуіне және ортақ шешім қабылдауына үйренуіне жағдай жасайды. Мұндай тәжірибе олардың академиялық ортадағы белсенділігін арттырып, оқу үдерісіндегі коммуникация мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынасқа арналған тапсырмалар студенттердің әртүрлі әлеуметтік және мәдени ортаға құрметпен қарауына мүмкіндік береді. Сабақтар барысында жүргізілген диалогтар мен рөлдік ойындар қатысушылардың өзара түсіністігін күшейтіп, мәдени айырмашылықтарды қабылдай білу қабілетін дамытуға әсер етеді. Осындай жұмыстар студенттердің бір-біріне деген сенімін арттырып, топ ішіндегі жағымды қарым-қатынас атмосферасын қалыптастырады.

Бағдарлама барысында студенттердің әлеуметтік белсенділігі де арта түседі деп күтілді. Топтық тапсырмалар мен бірлескен әрекеттер студенттердің өзара байланысын нығайтып, бір-бірімен еркін араласуына мүмкіндік береді. Студенттік ортада осылай ашық байланыс олардың университет өміріне тез бейімделуіне және жаңа әлеуметтік ортада өзін сенімді сезінуіне ықпал етеді.

Ұйымдастырылған сабақтар студенттердің қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ғана емес, сонымен қатар өз ойын анық жеткізу, пікір алмасу кезінде сабыр сақтай білу және өзге көзқарастарды құрметтеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Осындай тәжірибе олардың болашақ кәсіби әрекеттерін де маңызды рөл атақарады. Себебі қазіргі қоғамда тиімді коммуникация орната білу әрбір маман үшін қажетті қабілеттердің бірі саналады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.К. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары: Қазақстан халқына Жолдауы, 2023 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K23002023_1
2. Ұзақбаева С. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Жаңа басылым. – Алматы: Өнер, 1998. – 44 б.
3. Жолмаханова А.Б. қазақ диаспоралық әдебиеті: қалыптасуы, дамуы және ерекшеліктері // *Gazi Türkiyat*. – 2018. – №. 22. – Б. 215-223.
4. Исабек Б.Қ., Қозғамбаева Г.Б. қазақ диаспорасы және қазақ мәдени орталықтары // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Серия: тарихи және әлеуметтік-саяси ғылымдар. – 2020. – Т. 4. – №. 67.
5. Курманова, А. К. (2022). Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері. *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series*, (2), 91–101. <https://doi.org/10.59102/kufil/2022/iss2pp91-101>
6. Berry, J. W. (2005). Acculturation: Living successfully in two cultures. *International Journal of Intercultural Relations*, 29(6), 697–712. <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2005.07.013>
7. А.К. Италмасов, Б.М. Утегенова. Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру // Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы, 2018/№1 <http://repo.kspi.kz/handle/item/2772>